

Субсидиялар және өтем шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 441 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 8 маусымдағы № 316-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 08.06.2015 № 316-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

МАЗМҰНЫ

Осы Заң мүдделі тұлғалар арасында шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импорты кезінде, сондай-ақ істі қарауды жүргізу және өтем шараларын енгізу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылған негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уақытша өтем шаралары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауар берушіге істі қарауды жүргізу процесінде кепілдік берілген ақша депозиттері және (немесе) Қазақстан Республикасы банкінің кепілдігі түрінде қолданылатын шаралар;

2) мүдделі тұлғалар – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер п а л а т а с ы ;

істі қарау объектісі болып табылатын ұқсас тауарды отандық өндіруші не қатысушыларының көпшілігі осындай тауар өндіретін отандық өндірушілер б і р л е с т і г і ;

істі қарау объектісі болып табылатын тауарды шетелдік экспорттаушы және т а у а р д ы ш е т е л д і к ө н д і р у ш і ;

тауарды отандық импорттаушы немесе қатысушыларының көпшілігі осындай тауарды импорттаушылар болып табылатын отандық импорттаушылар бірлестігі ;

шет мемлекеттің үкіметі, тауарды шығарған немесе осындай тауарды экспорттаған елдің уәкілетті органы не осындай тауарды шығарған немесе оны экспорттаған елдер кіретін шет мемлекеттер одағының уәкілетті органы; тауар тұтынушы немесе тұтынушылар бірлестігі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының
у ә к і л е т т і о р г а н ы ;

құқықтары мен мүдделері осы іс қарауда қозғалатын және осы Заңның 6-бабында көрсетілген уәкілетті органның пікірінше осы іс қарауды жүргізуге жәрдемдесе алатын өзге де тұлғалар;

3) өтем бажы - Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының негізінде шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортына өтем шараларын енгізу кезінде қолданылатын және оған кеден бажының негізгі ставкасынан тыс белгіленетін баж;

4) өтем шаралары - отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянды немесе оның келтірілу қаупін жою үшін уақытша өтем шарасы, өтем бажы және баға міндеттемелері түрінде шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортына қолданылатын әкімшілік-экономикалық ықпал ету құралдарының жиынтығы;

5) құпия ақпарат-ашылған жағдайда бәсекелестерге едәуір артықшылық беретін немесе ақпарат беруші мүдделі адамға едәуір қолайсыз зардаптар келтіретін ақпарат;

6) материалдық зиян - шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауар беруден отандық өндірушілер ұшырайтын нақты зиян және (немесе) олар алмаған табыстар (алынбай қалған пайда);

7) қолайсыз аймақ - шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауарды өндірген және (немесе) экспорттаған елдің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген, істі қарау кезеңіне қарай соңғы үш жылда даму деңгейі: халықтың жан басына шаққандағы табысымен, отбасының әр мүшесінің табысымен немесе халықтың жан басына шаққанда 85 проценттен аспайтын жалпы ішкі өніммен және шығарылған елдің және (немесе) экспорттаушы елдің тиісті орташа көрсеткіштерінің 110 процентінен аспайтын жұмыссыздық деңгейімен сипатталған әкімшілік және (немесе) экономикалық аумақ;

8) отандық өндірушілер - ұқсас немесе тікелей бәсекелесетін тауардың қазақстандық өндірушілері, ондай тауарды өндірудің жиынтық көлемі Қазақстан Республикасының аумағында осындай тауарды өндірудің негізгі бөлігі болуы керек;

9) ұқсас тауар - сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының нақ сол кодымен топтастырылатын және басқа тауарға толық сәйкес келетін, өзінің жұмыс істеу мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары мен басқа да негізгі қасиеттері жағынан онымен салыстыруға болатын тауар;

10) өнім беруші - шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауардың шетелдік өндірушісі немесе экспорттаушысы;

11) істі қарау - Қазақстан Республикасына әкелінетін, сатылған жағдайда ұқсас тауардың отандық өндірушілеріне материалдық зиян келтіретін немесе сондай зиян келтіру қаупін төндіретін шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауар беруге байланысты құжаттар мен басқа да айғақтарды қарау рәсімі;

12) аймақтық өндірушілер - аймақтық рынокта ұқсас тауар өндірушілердің жиынтығы, олар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

өндірушілер өз тауарының бәрін немесе көпшілік бөлігін осы рынок ішінде с а т а д ы ;

өндірушілер тауарды осы аймаққа жіберетін бірден-бір өндірушілер болып табылады;

13) аймақтық рынок - Қазақстан Республикасының жеке әкімшілік- аумақтық бөлінісінің рыногы;

14) ерекше субсидия - қол жеткізілуі шектеулі және нақты өнім берушіге немесе нақты өнім берушілер одағына, немесе экономиканың нақты саласына берілетін не тауар экспортын ынталандыруға немесе тауар импортының орнын толтыруға арналған субсидия;

15) субсидиялаушы орган - үкімет немесе өнім берушіге субсидия беретін өзге де мемлекеттік орган;

16) субсидия - шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) көрсететін қаржылық қолдау, ол ақша қаражатын тікелей аудару арқылы артықшылықтан немесе осындай аударым жасау міндеттемесінен,

салық, кеден немесе өзге де міндетті төлемдерден толық немесе ішінара б о с а т у д а н ,

борышты жоюдан немесе осындай борышты төлеу үшін көмек көрсету мақсатында кредит беруден,

нақты өнім берушімен ғана байланысты емес инфрақұрылымды қолдау мен дамытуға арналған тауарлар мен қызмет көрсетуді қоспағанда, энергияны, материалдарды, компоненттерді, жартылай фабрикаттарды, қызмет көрсетуді жеңілдікпен немесе тегін беруден,

тауарларды жеңілдікпен сатып алудан,

үкіметтің мемлекеттік емес ұйымдарға жоғарыда келтірілген қолдау шараларының бірін немесе бірнешеуін жүзеге асыру туралы тапсырмасынан, егер қосымша табыс табуға қол жеткізетін болса, бағаға немесе табысқа қандай да болсын қолдау көрсетуден тұрады;

17) материалдық зиян шегу қаупі - залал келтіру мүмкіндігі туралы субъективті ой-пікірлерді жою мақсатында нақты айғақтармен қуатталған материалдық зиянның айқын орын алуы;

18) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сауда және өндіріс практикасының мониторингін жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ол материалдық нұқсан келтірілгенін немесе сондай қатер төнгенін және өтем шараларын енгізу қажеттігін анықтау жөніндегі істің қаралуын жүзеге асырады.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.09 N 114; 04.07.2013 № 130 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның мақсаттары

Осы Заңның мақсаттары ішкі рынокты шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауар берушілер тарапынан жасалатын теріс пиғылды бәсекеден қорғау және отандық өндірушілер үшін келтірілетін келеңсіз зардаптарды жою болып табылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңда уәкілетті орган мен мүдделі тұлғалардың арасында және мүдделі тұлғалардың өз арасында Қазақстан Республикасының аумағына шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған импорттық тауарды жеткізіп беруге байланысты, сондай-ақ отандық өндірушілердің субсидиялаушы елдің рыногындағы және үшінші елдің рыногындағы бәсекелесу мүмкіндігінің нашарлауына байланысты, ұқсас тауардың отандық өндірушілеріне материалдық зиян келтіретін немесе зиян келтіруге қауіп төнгізетін жағдайда туындайтын қатынастар реттеледі.

4-бап. Қазақстан Республикасының субсидиялар және өтем шаралары туралы заңдары

1. Субсидиялар және өтем шаралары туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімде немесе шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық келісімнің немесе шарттың ережелері қолданылады.

5-бап. Шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортына бақылау жасауды ұйымдастыру

1. Шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импорты жағдайында бақылау жасау мен істі қарауды жүргізу және өтем шараларын енгізу жөніндегі қызметті уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Өтем шараларын енгізуді, қайта қарауды және олардың күшін жоюды уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

6-бап. Уәкілетті орган

1. Уәкілетті орган өзіне осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде берілетін өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл ж а с а й д ы .

2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде істі қарау рәсімдері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығара алады, істің қаралуын жүргізеді, Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтем шараларын қолдануды енгізу үшін қ о р ы т ы н д ы д а й ы н д а й д ы .

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-Тарау. Субсидияларды анықтаудың өлшемдері мен шарттары

7-бап. Ерекше субсидияның анықтамасы

1. Егер шет мемлекеттің (шет мемлекеттер одағының) субсидиясын берудің объективті өлшемдері мен талаптары нақты кәсіпорынды немесе экономика саласын көрсетпей белгіленсе, ол ерекше субсидия деп қарастырылмайды.

Егер:

1) субсидиялаушы орган немесе субсидиялаушы орган негізге ала отырып, жұмыс істейтін заңдар, кәсіпорындардың шектеулі санынан басқа, өзге барлық тұлғалардың субсидия алуына шек қойса;

2) субсидиялар беру нақты аймақта орналасқан кәсіпорындардың шектеулі санымен байланысты болса;

3) субсидиялар бірнеше шарттардың бірден-бірі немесе біреуі ретінде экспорт нәтижелерімен немесе импорттық тауарлардың орнына жергілікті тауарларды пайдаланумен байланысты болса, субсидия ерекше болып табылады және оны беру өтеу шараларын қолдануға әкеп соғады.

2. Егер оны беру отандық өндірушілерге материалдық зиян келтірсе немесе келтіретіндей қауіп төндірсе және оны берудің шарттары мен нысаны мынадай факторларға:

1) субсидияларды кәсіпорындардың шектеулі санының басымдықпен пайдалануына;

2) кәсіпорындардың шектеулі санына берілген субсидиялар мөлшерінің орынсыз үлкен болуына;

3) субсидиялардың пайдаланылу бағыттарына;

4) субсидияландырудан бас тарту немесе оған өтінімді қанағаттандыру жиілігі және шет мемлекеттің (шет мемлекеттер одағының) үкіметтік органдарының тиісті шешімдерінің дәлелдеріне;

5) бюджеттік субсидияларды пайдаланатын кәсіпорындар санына;

6) субсидиялар беру кезінде кәсіпорындардың экономикалық қызметі диверсификациялау дәрежесіне сәйкес келсе, ерекше емес субсидия өтеледі.

3. Уәкілетті орган жүргізген істі қарау нәтижесінде өндірген және (немесе) экспортқа шығарған кезде шет мемлекеттің (шет мемлекеттер одағының) ерекше субсидиясы пайдаланылған әлдеқандай тауарды импорттау отандық өндірушілерге материалдық зиян келтіретіні немесе зиян келтіру қаупін туғызатыны анықталса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, өтем шараларын қолдануға құқығы бар.

4. Егер ерекше субсидия тауар құнының бір процентінен кем болса, оның мөлшері болмашы деп қарастырылады.

5. Егер тауарлар Қазақстан Республикасына экспорттың шыққан елінен емес, аралық елден импортталса, осы Заңның нормалары толық қолданылады және мәмілелер (мәміле) оның шыққан елі мен Қазақстан Республикасының арасында жасалған мәмілелер сияқты қарастырылады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.09 N 114; 03.07.2013 № 124 -V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. <*>

Ескерту. 8-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

3-тарау. Материалдық зиян келтірілуін анықтау

9-бап. Материалдық зиян келтірілуін анықтау

1. Материалдық зиян келтірілуін анықтау дәлелдемелерге негізделеді және шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауар көлемін, оның Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас тауарлар бағасына жасайтын ықпалын және осындай тауар импортының ұқсас тауарларды отандық өндірушілерге тигізетін салдарын объективті түрде зерделеуді қамтиды.

2. Егер бір елден көп елдерден шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған әлдеқандай тауар импорты бір мезгілде қаралатын мәселе болса, егер әрбір елден жасалатын импорт жөнінде белгіленген өтелуге тиісті субсидиялардың мөлшері анықталса және шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/

субсидиялаған тауар импортының көлемі елеулі болып, осы Заңның 7 және 10-баптарында белгіленген деңгейден асып түссе, онда ондай тауар импортының жиынтық ықпалы бағалануға тиіс.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

10-бап. Болмашы материалдық зиянның мөлшерін анықтау

Егер өтініш берілген елдің тауар беруі салыстырып алғандағы уақыт кезеңі ішінде жалпы импорт көлемінің 1 процентінен кем болса, ал жинақтап алғанда мұндай елдердің үлесі Қазақстанға сондай тауар берудің 3 процентінен кем болса, материалдық зиянның мөлшері болмашы деп қарастырылады.

11-бап. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының отандық өндірушілерге ықпалын анықтау

1. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының отандық өндірушілерге ықпалын зерттеу уәкілетті органның іске қатысы бар отандық өндірушілердің жай-күйіне ықпал жасайтын барлық экономикалық факторлар мен көрсеткіштерді, оның ішінде:

өнім шығарудың нақты және ықтимал қысқаруын, сатылуын, рыноктағы үлесін, пайданың, өнімділіктің, инвестициялардан түсетін кірістердің, қ у а т т а р д ы ң п а й д а л а н у ы н ;

Қазақстан Республикасында ұқсас тауарлар бағасының қалыптасуына ықпал ететін факторларды, ақша ағысының қозғалысына, тауар қорларына, жұмыспен қамтылуға, жалақыға, өндірістің өсу қарқынына, инвестициялар тарту мүмкіндігіне нақты немесе ықтимал теріс ықпал етуді қамтиды.

2. Егер қолда бар деректер өндіріс процесі, өнімді өндірушілерге тиіп-жөнелту және пайда сияқты өлшемдер негізінде белгілі бір өндірісті бөліп көрсетуге мүмкіндік берсе, шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының ықпалы ұқсас тауардың отандық өндірісіне қатынасы бойынша бағаланады. Егер белгілі бір өндірісті бұлайша бөліп көрсету мүмкін болмаса, шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының ықпалы тауарлардың сол сияқты тауарды қамтитын, ол бойынша қажетті ақпарат алуға болатын, мүмкіндігінше неғұрлым шағын номенклатурасын өндіруді зерделеу негізінде бағаланады.

12-бап. Материалдық зиян жасалғанын анықтау

1. Уәкілетті орган шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты кезінде отандық өндірушілерге материалдық зиян жасалғанын және шет мемлекет / шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты мен ол келтірген материалдық зиянның немесе оның қаупі арасында себеп-салдар байланысы болуын анықтайды.

2. Уәкілетті орган шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортымен қоса нақ сол кезеңде отандық өндірушілерге материалдық зиян келтіретін басқа да белгілі факторларды зерделейді, бірақ бұл материалдық зиян шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортына телінбеуге тиіс. Бұл факторлар, атап айтқанда, шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидияламаған тауар импортының көлемі мен бағасын, сұранымның азаюын немесе тұтыну құрылымындағы өзгерістерді, шетелдік және отандық өндірушілер арасындағы шектейтін сауда практикасы мен бәсекені, технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ экспорт нәтижелері мен отандық өндірушілердің өнімділігін қамтиды.

13-бап. Материалдық зиян келтіру қаупін анықтау

Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортынан отандық өндірушілерге материалдық зиян келтірілу қаупін уәкілетті орган мынадай көрсеткіштерге:

- 1) субсидияның сипатына және оның саудаға жасайтын ықпалына;
- 2) шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының Қазақстан Республикасының рыногындағы өсу қарқынына;
- 3) өнім берушіде шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар өндірісі мен экспортының оны Қазақстан Республикасының рыногына берудің көбею мүмкіндігін көрсететін резервтердің болуына талдау жасауға негіздеуге тиіс. Бұл орайда кез-келген қосымша экспортты іске асыру үшін басқа экспорт рыноктарының мүмкіндіктері ескеріледі;
- 4) ішкі рыноктың бағасын төмендетуге ықпал етуіне және қосымша өнім беруге сұранымның артуына қол жеткізуі мүмкін бағамен шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортына;
- 5) істі қарау жүргізіліп жатқан өнім беруші еліндегі тауар қорларының көлеміне талдау жасауға негіздеуге тиіс.

14-бап. Аймақтық өндірушілерге материалдық зиян келтіру

Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауар беру Қазақстан Республикасының жекелеген аймақтық рыногына шоғырланған жағдайда, оларды беру аймақтық өндірушілерге материалдық зиян келтіруге немесе оның пайда болу қаупіне әкеп соққан кезде уәкілетті орган осы заңның нормаларына сәйкес сол аймаққа бейімдеп іс қарауды жүргізуге құқылы.

4-тарау. Істі қарау

15-бап. Субсидиялар және өтем шаралары бойынша істі қараудың мәні

Уәкілетті органның Қазақстан Республикасына шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импорты фактісін және сол арқылы отандық ұқсас тауарларды өндірушілерге материалдық зиян келтірілгенін немесе оны келтіру қаупі пайда болғанын анықтауы шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импорты бойынша іс қараудың мәні болып табылады.

**16-бап. Субсидияның болуы және ол келтіретін
материалдық зиян немесе оны келтіру қаупі
туралы арыз**

1. Субсидияның болуы және оның келтірген материалдық зиянды немесе оны келтіру қаупі туралы арызды отандық өндірушілер немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы уәкілетті органға жазбаша түрде береді.

2. Егер уәкілетті орган арызда келтірілген мәліметтерді жеткілікті деп танып, ол жөнінде арыз берушіге жазбаша түрде хабарласа, арыз қабылданған болып есептеледі. Егер уәкілетті орган мәліметтерді жеткіліксіз деп тапса, бұл жөнінде ол арыз берушіге арыз алынған кезден бастан он күн мерзімде хабарлауға және оның өз арызын өзгертуіне немесе толықтыруына мүмкіндік беруге тиіс. Арыз беруші өз арызын өзгерткен немесе толықтырған жағдайда арызды қарау мерзімі толықтырулар немесе өзгерістер алынған күннен басталады.

3. Арызда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) арыз берушінің, арыз берушілердің атауы (бұдан әрі - арыз беруші), арыз берушінің тауар өндіруі туралы деректері (көлемі және бағасы), сондай-ақ арыз берушіге белгілі отандық өндірушілердің сондай тауарды өндіруі туралы деректер;

2) шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауардың сипаттамасы, өнім беруші немесе өнім шығарылған елдің атауы, сол тауарды белгілі берушілер, импорттаушылар туралы мәліметтер;

3) субсидиялардың болуын, мөлшерін, сипатын және ерекшелігін растайтын дәлелдемелер;

4) шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауар беру көлемінің серпінділігін қоса алғанда, материалдық зиян келтірілуінің немесе келтіру қаупінің айғақтары, оның сондай тауардың ішкі рыноктағы бағасына ықпалы және осындай тауар берудің келеңсіз зардаптары.

4. Отандық өндірушілердің арызы бойынша істі қарау рәсімінің басталуы үшін уәкілетті органның бұл арызда өз пікірін білдірушілердің үлесіне отандық өндірушілердің тауар өндіру көлемінің елу процентінен астамы келетінін анықтауы міндетті шарт болып табылады. Бұл пікірлер "жақтайтын", "қарсы"

пікірлер болуы, сондай-ақ өзінің айқын көзқарасын білдірмеуі мүмкін. Бұл орайда отандық өндірушілер өндірген тауардың үлесіне отандық өндірушілер өндірген барлық осындай тауарлардың жиырма бес процентінен астамы келеді.

17-бап. Уәкілетті органның бастамасымен істі қараудың басталуы

Ерекше субсидиялардың және шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауар импортын беру келтіретін материалдық зиянның болуына және олардың себеп-салдарлы байланысына жеткілікті дәлелдемелер болған жағдайда уәкілетті орган өз бастамасымен істі қарай бастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

17-1-бап. Консультациялар жүргізу

1. Уәкілетті орган арызды қабылдағаннан кейін және істі қарау басталғанға дейін тауарлары істі қараудың нысанасы болуы мүмкін шет мемлекеттерге (шет мемлекеттер одағына) осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша жағдайды нақтылау және келісілген шешімге қол жеткізу үшін онымен консультациялар жүргізу туралы ұсынысты жібереді.

2. Істі қараудың барлық кезеңі ішінде тауарлары істі қараудың нысанасы болып табылатын шет мемлекеттерге (шет мемлекеттер одағына) іс жүзіндегі мән-жайларды нақтылау және келісілген шешімге қол жеткізу үшін уәкілетті органмен консультацияларды жалғастыруға мүмкіндік беріледі.

3. Консультацияларды жүргізу істі қараудың басталуына, қорытындылар шығаруға, осы Заңға сәйкес уақытша немесе түпкілікті өтем шараларын қолдануға кедергі жасамауға тиіс.

4. Уәкілетті орган тауарлары істі қараудың нысанасы болып табылатын шет мемлекеттердің (шет мемлекеттер одағының) өтініші бойынша істі қарауды бастау немесе жүргізу үшін пайдаланылатын құпия емес ақпаратқа қол жеткізуге р ұ қ с а т б е р е д і .

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

18-бап. Істі қарау рәсімін бастаудан бас тарту үшін негіздер

Егер осы Заңның 7-бабында көзделген субсидияның мөлшері мен осы Заңның 10 және 16-баптарында көзделген шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының көлемі болмашы екені анықталса, уәкілетті орган істі қарау рәсімін бастаудан бас тартады.

19-бап. Отандық өндірушілердің атынан берілген арызды қайтарып алу

Арыз беруші арызды оны қарау басталғанға дейін немесе оның барысында қайтарып алуы мүмкін. Арыз істі қарау басталғанға дейін қайтарып алынса, ол

берілмеген болып есептеледі. Егер арыз істі қарау барысында қайтарылып алынса, уәкілетті органның істі қарауды жалғастыруға не оны шара қолданбай тоқтатуға құқығы бар.

20-бап. Істі қарау рәсімін өткізуді бастау туралы шешім

1. Істі қарау рәсімін бастау туралы не оны бастаудан бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган осы Заңның 16 және 18-баптарының талаптарын ескере отырып, барлық табыс етілген деректерді зерделеу негізінде арыз қабылданған кезден бастап екі ай ішінде қабылдайды.

2. Істі қарау рәсімін бастау туралы шешім қабылданғаннан кейін уәкілетті орган ресми басылымдарда хабарлама жариялайды.

3. Істі қараудың басталуы туралы хабарламада мынадай ақпарат болуға тиіс:

1) істі қарауды жүргізетін уәкілетті органның атауы;

2) істі қарауды бастайтын күн;

3) істі қараудың нысанасы болып табылатын шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауарды шығарған немесе экспорттаған елдің атауы;

4) істі қарауды бастау үшін негіздеме;

5) материалдық зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупін төндіру туралы пікір негізделетін фактілердің қысқаша мазмұны;

6) мүдделі адамдардың іспен танысуға мүмкіндік алу үшін өз өтініштерін беруіне, өз пікірін және мүдделі адамдармен кездесулер қажет екенін мәлімдеуіне болатын мерзім.

Істі қарауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган бас тартудың себептері мен негіздемесін көрсете отырып, арыз қабылданған кезден бастап екі ай ішінде арыз берушіні хабардар етуі керек.

21-бап. Ақпарат сұрату

1. Істі қарау басталғаннан кейін уәкілетті орган мүдделі тұлғаларға сауалдар жібереді.

Мүдделі тұлғаларға сауал алынған күннен бастап оған жауап дайындау үшін бір ай уақыт беріледі. Салынған сауал оны почта арқылы жіберілгеннен кейін немесе мүдделі тұлғаның өкіліне берілгеннен кейін жеті күннен соң алынған болып есептеледі.

Уәкілетті орган мүдделі тұлғалардың көрсетілген бір айлық мерзімді ұзарту туралы өтінішін назарға алуы керек және негіздемелер жеткілікті болған кезде мұндай ұзарту істі қарау барысында табыс етілуге тиіс.

Істі қарау барысында уәкілетті орган мүдделі тұлғалардан жауап қайтарылуға тиісті мерзімді көрсете отырып, қосымша ақпарат сұрауы мүмкін.

2. Мүдделі тұлғаның өзі қажет деп санайтын кез-келген дәлелдемені жазбаша түрде табыс етуге құқығы бар.

3. Егер қайсыбір мүдделі тұлға қажетті мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген мерзімде табыс етпесе немесе істі қарауды қиындатса, уәкілетті органның қолда бар деректер негізінде қорытынды шығаруға құқығы бар.

4. Мүдделі тұлғалар істің қаралуын жүргізуге жәрдемдесуге және уәкілетті органның сауал салуы бойынша қажетті ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат беруге тиіс.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

22-бап. Ақпаратты тексеру және істі қарау мерзімдері

1. Мүдделі адамдар табыс еткен және істі қарау нәтижелері бойынша тұжырымдар негізделетін ақпараттың анықтығы тексерілуге тиіс.

2. Ақпараттың анықтығын тексеру немесе қосымша деректер алу мақсатымен, тиісті өнім берушілермен келісе отырып және олардың елдері ресми органдарының қарсылықтары болмаған жағдайда уәкілетті орган істі қарауды сол елдердің аумағында өткізеді.

3. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты жөніндегі ақпарат тексерілетін кезең белгілі бір кәсіпорынның қаржы есебінің соңғы жылы не, егер бұл мүмкін болмаса, істі қарауға қатысы бар анық қаржылық және басқа деректер болған істі қарау басталғанға дейінгі алты ай болып табылады.

4. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты жөніндегі істі қарау мерзімі оның рәсімі басталған кезден алты айдан аспауға тиіс.

23-бап. Құпия ақпарат

1. Істі қарау барысында уәкілетті органға табыс етілетін құпия ақпарат мүдделі адамдардың жазбаша келісімінсіз жария етілмеуге тиіс.

2. Құпия ақпаратты табыс етуші мүдделі адамдар бұл ақпарат бойынша құпия емес сипатта жазбаша түсіндірмелер беруге тиіс.

Түсіндірмелер ақпараттың мәнін түсіну үшін жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі болуға тиіс.

3. Құпия ақпаратты уәкілетті органның лауазымды адамдары, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке мақсаттарда жария ете алмайды, пайдалана алмайды, үшінші бір тұлғаларға, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдарға бере алмайды.

5-тарау. Уақытша шаралар

24-бап. Субсидия мен материалдық зиянның болуын алдын ала анықтау

1. Істі қарау барысында алынған нақты деректер негізінде уәкілетті орган ерекше субсидиялардың және отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянның немесе оны келтіру қаупінің болуы немесе олардың болмауы, сондай-ақ істі қарауды жалғастыру немесе тоқтату туралы алдын ала қорытынды шығарады.

2. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының және материалдық зиянның немесе оны келтіру қаупінің болуы туралы алдын ала қорытынды шығарғаннан кейін уәкілетті орган барлық мүдделі тұлғаларға және олардың елдерінің ресми органдарына уақытша өтеу шараларын енгізу ниеті туралы хабарлама жібереді. Істі қарауға тартылған мүдделі тұлғалар хабарлама жіберілгеннен кейін он күн ішінде уақытша өтеу шараларын қолданудың негіздемесі жөнінде жазбаша ескертпелер беруге құқылы, оларды уәкілетті орган назарға алады немесе істі қарауды өткізу кезінде қабылдамай тастайды.

3. Уәкілетті орган істі қарау жүргізіліп жатқан тауардың тұтынушыларына, мұндай тауар бөлшек саудада көп болған жағдайда, істі қарауға жататын және субсидиялауға, материалдық зиян мен олардың арасындағы себеп-салдар байланысына қатысты ақпарат беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

25-бап. Уақытша өтем шараларын енгізу

1. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортының болуы және оның материалдық залал келтіруі немесе оны келтіру қаупі туралы уәкілетті орган шығарған алдын ала қорытынды негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уақытша өтем шараларын енгізу туралы шешім қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасы банкінің ақша депозиттері және (немесе) кепілдігі нысанындағы уақытша өтем шаралары өнім берушіге іс қарала басталған кезден бастап екі айдан ерте қолданылмайды.

3. Уақытша өтем шараларын қолдану төрт айдан аспауға тиіс.

4. Уақытша өтем шараларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары өз аумағына еркін айналысқа шығарылған шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын импорттық тауар берушілерге олар ресми жарияланғаннан соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданады. Кепілді ақша депозиттері түрінде алу тәртібін мемлекеттік кіріс органы белгілейді.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Уақытша өтем шарасының мөлшері

Уақытша өтем шарасының мөлшері ерекше субсидиялардың алдын ала белгіленген мөлшерінен аспауға тиіс, бірақ ол отандық өндірушілерге

келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру үшін жеткілікті болса, оның мөлшері азырақ болуы мүмкін.

27-бап. Уақытша өтем шараларын енгізу туралы шешімді жариялау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің уақытша өтем шараларын енгізу туралы шешімі ресми басылымдарда жариялануға тиіс.

Жарияланымда мынадай деректер болуға тиіс:
тауар берушілердің немесе тауар әкелінген елдің атауы;
тауардың егжей-тегжейлі (кедендік мақсаттар үшін жеткілікті болатын)
с и п а т т а м а с ы ;

субсидияның белгіленген көлемі;
материалдық залалды бағалау өлшемдері;
уақытша шараларды енгізудің негізгі дәлелдері;
уақытша өтем шарасының ставкасы және оны қолдану мерзімдері.
Жарияланымда құпия ақпарат болмауға тиіс.

6-тарау. Баға бойынша міндеттемелер

28-бап. Баға бойынша міндеттемелер қабылдаудың талаптары

1. Істі қарау рәсімі баға бойынша міндеттеме алынғаннан кейін уақытша немесе түпкілікті өтем шаралары енгізілмей аяқталуы мүмкін, оған сәйкес:

1) тауар шығарылған немесе экспорттаған елдің үкіметі субсидияны жоюға немесе шектеуге келісім береді;

2) өнім беруші өз бағасын қайта қарауға немесе шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар экспортын тоқтатуға міндеттенеді.

2. Мұндай міндеттемелер бойынша бағаны көтеру ерекше субсидиялар мөлшерінің орнын толтыру үшін қажет мөлшерден көп болмауға тиіс. Егер шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауарды осы бағамен беру отандық өндірушілерге материалдық зиян келтірмесе, бағаның көтерілуі ерекше субсидиялардың мөлшерінен кем болуы мүмкін.

3. Баға бойынша міндеттемені уәкілетті орган ұсынуы мүмкін, бірақ өнім беруші өзіне осындай міндеттеме қабылдауға мәжбүр етілмеуге тиіс.

4. Баға бойынша міндеттемені уәкілетті орган осы Заңның ерекше субсидиялардың және отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянның немесе оның туындау қаупінің болуы жөніндегі 25 және 26-баптарына сәйкес өзі ерекше субсидияның және материалдық зиянның немесе зиян келтіру қаупінің болуы туралы алдын ала қорытынды шығарғаннан кейін ғана қабылдауы мүмкін.

5. Егер уәкілетті орган баға бойынша міндеттемені қабылдау өнім берушілер санының көп болуы салдарынан не уәкілетті орган өнім берушіге хабарлауға тиіс болатын басқа себептер бойынша іс жүзіне аспайды деп есептесе, оның қабылданбауы мүмкін.

29-бап. Баға бойынша міндеттемелердің сақталуын бақылау

1. Уәкілетті органның баға бойынша міндеттемесі қабылданған өнім берушіден баға бойынша қабылданған міндеттеменің орындалуы туралы деректер беруді талап етуге, сондай-ақ берілген деректердің анықтығына тексеру жүргізуге құқығы бар.

2. Өнім беруші баға бойынша міндеттемені бұзған жағдайда уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдын ала хабарламай, дереу уақытша шаралар қолдануға құқығы бар.

30-бап. Баға бойынша міндеттемелердің қолданылуы

1. Уәкілетті органның өнім беруші баға бойынша қабылданған міндеттемені адал орындаған жағдайда істің қаралуын тоқтатуға құқығы бар.

2. Уәкілетті орган баға бойынша міндеттемелер қабылданғаннан кейін шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импортына байланысты істің қаралуын өзіне баға бойынша міндеттеме қабылдаған өнім беруші талап еткен жағдайда немесе өз бастамасы бойынша ерекше субсидия мен материалдық зиянның немесе оны келтіру қаупінің болуын анықтау үшін одан әрі жалғастырады.

3. Материалдық залал немесе оның қаупінің болмауы баға бойынша қабылданған міндеттеменің салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, ерекше субсидияның немесе материалдық зиянның болмау фактісі анықталса, уәкілетті орган баға бойынша міндеттеменің күшін жояды.

4. Баға бойынша міндеттеме ерекше субсидиядан болатын материалдық зиянға қарсы іс-қимылға қажетті уақыт ішінде және мөлшерде күшінде қалуға тиіс.

7-тарау. Өтем бажын салу және оны өндіріп алу

31-бап. Өтем бажын белгілеу және оның мөлшерін анықтау

1. Егер уәкілетті орган ерекше субсидиялардың және соларға байланысты отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянның немесе оны келтіру қаупінің болу фактісін анықтаса және бұл орайда субсидиялар қайтарып алынбаса, онда өтем бажын енгізу туралы мәселе қаралады.

2. Өтем бажын енгізу үшін барлық талаптар орындалған жағдайда оны енгізудің дұрыстығы туралы шешімді уәкілетті орган шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауарларды пайдаланатын,

мүдделеріне өтем бажын енгізу жайсыз әсер етуі мүмкін жергілікті мүдделі тұлғалардың пікірін ескере отырып қабылдауға тиіс.

3. Өтем бажының мөлшері ерекше субсидиялардың осы Заңға сәйкес анықталатын мөлшерінен аспауға тиіс, бірақ ол отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянды немесе оны келтіру қаупін жою үшін жеткілікті болса, бұл субсидиялардың жалпы мөлшерінен азырақ болуы мүмкін.

32-бап. Өтем бажын енгізу

1. Өтем бажын енгізу және оның ставкасының мөлшері туралы шешімді уәкілетті органның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және ол ресми басылымдарда қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Жарияланымда осы Заңның 27-бабында көзделген мәліметтер, сондай-ақ өнім берушілердің дәлелдерін немесе талаптарын қабылдау немесе қабылдамай тастау себептері болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтем бажын енгізу туралы шешімінде шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауарды беруші немесе берушілер көрсетілуге тиіс.

Іске бір елдің бірнеше өнім берушілері тартылып, барлық өнім берушілерді атау мүмкін болмаған жағдайда ел ғана аталады.

Егер іске бір елден көп елдің бірнеше өнім берушілері тартылса, не барлық тартылған өнім берушілер, не бұл іс жүзінде мүмкін болмаса, тартылған өнім беруші елдердің әрқайсысы аталады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтем бажын енгізу туралы шешімінің негізінде мемлекеттік кіріс органдары оны, баға бойынша міндеттемелер қабылданған өнім берушілердің тауарын қоспағанда, істі қарау жүргізілген, барлық әкелінетін тауардан алады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Өтем бажының қолданылу мерзімі

1. Өтем бажы, осы баптың 2 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі күшіне енгеннен кейін Қазақстан аумағына еркін айналысқа шығарылатын тауарларға қолданылуға тиіс.

2. Уақытша өтем шаралары енгізілген жағдайда олар енгізілген күннен бастап өтем бажы қолданылады.

3. Егер өтем бажының көлемі уақытша өтем шарасының мөлшерінен көбірек болса, олардың арасындағы айырма өндіріп алынбауға тиіс, ал егер азырақ болса, айырма заңдарда белгіленген тәртіппен өнім берушіге қайтарылуға тиіс.

4. Егер уәкілетті орган ерекше субсидия беруді және отандық өндірушілерге келтірілген материалдық зиянның немесе оны келтіру қаупінің болуын теріске шығаратын түпкілікті қорытынды шығарса, уақытша өтем шараларын қолдану кезеңінде енгізілген кез-келген ақша депозиті немесе банк кепілдігі заңдарда белгіленген тәртіппен өнім берушіге қайтарып берілуге тиіс.

5. Уәкілетті орган отандық өндірушілерге шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты келтірген материалдық зиян қысқа уақыт аралығында субсидияланған тауар берудің ұлғайған көлемі салдарынан болды деп анықтаған жағдайда, өтем бажы уақытша өтеу шаралары енгізілген күнге дейін үш ай ішінде айналысқа түскен тауар импортынан өндіріліп алынуы мүмкін.

8-тарау. Өтем бажының қолданылу мерзімі, қайта қаралуы және орнының толтырылуы

34-бап. Өтем бажының қолданылу мерзімі

1. Өтем шаралары өтелуге тиісті шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған тауар импорты келтіретін материалдық зиянды немесе оны келтіру қаупін жою үшін қажетті уақыт ішінде және мөлшерде қолданылады.

2. Өтем бажының қолданылу мерзімі ол енгізілген немесе соңғы қайта қаралған күннен бастап 5 жылдан аспауға тиіс. Бұлайша қайта қарау уәкілетті органның бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша басталады.

3. Уәкілетті орган өтем шараларын қолдануды тоқтату мерзімі туралы оның бітуіне алты ай қалғанда ресми басылымдарда хабарлама жариялайды.

35-бап. Өтем бажын қайта қарау

1. Өтем бажын қайта қарауды уәкілетті орган өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғалардың өтеу бажының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей берген дәлелді өтінішінің негізінде жүзеге асырады.

2. Өтем бажының қолданылуын тоқтату отандық өндірушілерге материалдық зиян келтіретіні анықталған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын енгізілген өтем бажының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш жасайды.

36-бап. Өтем бажының күшін жою

Егер осы Заңның 35-бабына сәйкес жүргізілген қайта қараудың нәтижесінде уәкілетті орган өтем бажын қолдану ақталмады деп анықтаса, өтем бажының күші жойылуға тиіс.

37-бап. Өтем бажы қайта қаралған жағдайда істі қарау

Осы Заңның 35-бабына сәйкес өтем бажы қайта қаралған жағдайда уәкілетті орган қолданылып жүрген бажды қарау мен енгізу кезінде қолданылған әдістерді пайдаланады.

38-бап. Істі қарауға тартылмаған өнім берушілерге өтем бажының жеке мөлшерін белгілеу

1. Шет мемлекет /шет мемлекеттер одағы/ субсидиялаған импорттық тауар жөнінде өтем бажын енгізген кезде өтем бажы субсидиялар мен материалдық зиянның және немесе) оны келтіру қаупінің болуы анықталған барлық көздерден келетін ұқсас тауар импортынан кемсітпейтін негізде әрбір жағдайда тиісті мөлшерде өндіріліп алынады.

2. Түпкілікті өтем бажы салынған, бірақ істі қарауға жәрдемдесуден бас тартудан өзге себептер бойынша жеке істі қарау өткізілмеген тауар берушінің арызы бойынша уәкілетті орган өтем бажының жеке мөлшерін белгілейді.

39-бап. Өзіне қатысты істі қарау жүргізілетін тауарды кедендік декларациялау

Ескерту. 39-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Істі қарау оның кедендік декларациялауды өткізуге кедергі жасауға негіз болмайды.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортын есепке алуы

1. Уәкілетті органның өтініші бойынша істі қарау басталғаннан кейін мемлекеттік кіріс органдары өтем шаралары осы импортқа одан әрі қолданыла алуы үшін шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауар импортын есепке алуы жүргізеді.

2. Мемлекеттік кіріс органдары оларға қатысты ісі қаралатын шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялайтын тауарлар импортының көлемдері туралы ақпаратты уәкілетті органға ай сайын хабарлап отыруға тиіс.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-бап. Шешімдерге шағымдану тәртібі

Істі қарау кезеңінде қабылданған уәкілетті органның шешімдері мен іс-әрекеттеріне мүдделі тұлғалар сот тәртібімен шағым жасай алады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК